

2023 жылғы 1 шілдеге Қазақстан Республикасының халық саны


Шығарылған күні: 14.08.2023

1. Түйінді тұстар
2. Динамикалық кестелер
3. Глоссарий
4. Әдістемелік түсініктемелер
5. Пайдалы сілтемелер

1. Түйінді тұстар


Барлық халық – 19 899 377 адам;
қалалық – 12 317 671 адам;
ауылдық – 7 581 706 адам;
ерлер – 9 715 592 адам;
әйелдер – 10 183 785 адам.

2023 жылғы 1 шілдеге жынысы және жер типі бойынша халық саны



Электрондық кестелер

[2023 жылғы 1 шілдеге халық саны](#)



Қала халқының ең көп үлесі Қарағанды (81,4%), Ұлытау (79,2%) және Ақтөбе (74,7%), ал ең аз үлесі – Алматы (16,2%), Түркістан (24,6%) және Жамбыл (43,3%) облыстарында байқалды.

2 Динамикалық кестелер:

жылдар бойынша:

[Халық саны](#)

[Жастар саны](#)

[Орташа жылдық халық саны](#)

[Бір жылдық жас бойынша халық саны](#)

айлар бойынша:

[Халық саны](#)

3. Глоссарий

Халықтың жалпы өсімі (кемуі) – халықтың табиғи өсімінің (кемуінің) және көші-қон өсімінің (кемуінің) алгебралық сомасы;

Халықтың көші – қон өсімі (кемуі) – белгілі бір кезеңде аймақ аумағына келгендер саны мен одан тыс жерлерге кеткендер саны арасындағы айырмашылық;

Халықтың табиғи өсуі (азаюы) – тірі туылғандар саны мен белгілі бір кезеңдегі қайтыс болғандар саны арасындағы айырмашылық.

Халық саны – белгілі бір уақытта осы аумақта тұратын адамдардың саны.

4. Әдістемелік түсініктемелер

Халық саны – қазіргі уақытта осы аумақта тұратын адамдардың саны. Жыл басындағы ағымдағы бағалар соңғы санақтың қорытындылары негізінде есептеледі, оған жыл сайын осы аумаққа туғандар мен тұрақты тұруға келгендердің саны қосылады және осы аумақтан қайтыс болғандар мен тұрақты тұруға кеткендердің саны шегеріледі. Өткен жылдардағы халық санының ағымдағы бағалары кезекті санақ қорытындылары негізінде нақтыланады.

Халықтың жалпы санын есептеу тұтастай алғанда Қазақстан және оның жекелеген әкімшілік-аумақтық бірліктері (қалалық қоныстар, қалалық аудандар, әкімшілік аудандар) бойынша жүргізіледі. Есептеулерде жекелеген аумақтардың шекараларының өзгеруі нәтижесінде халық санының ұлғаюы немесе қысқаруы, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық қайта құру нәтижесінде қала және ауыл халқы санының өзгеруі ескеріледі.

Халық саны қалалық және ауылдық тұрғындарға бөлінеді. Қала халқы – қалалық елді мекендерде тұратын халық. Қалалық елді мекендерге республикалық, облыстық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағыныстылығының аумағындағы кенттер жатады. Ауыл халқы-ауылдық жерлерде тұратын халық. Қалалық ретінде жіктелмеген елді мекендер ауылдық болып саналады.

5. Пайдалы сілтемелер

[Халық саны мен құрылымының көрсеткіштерін есептеу әдістемесі](#)

[Жынысы және жекелеген жас топтары бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны, сапасы бойынша есеп.](#)

[Жекелеген этностар бойынша Қазақстан Республикасы халқының саны, сапасы бойынша есеп.](#)

[Қазақстан Республикасы халқының саны, сапасы бойынша есеп.](#)

[Қазақстан Республикасы халқының саны, "Талдау" Ақпараттық-талдау жүйесі.](#)

Келесі шығарылым күні: 13.11.2023

| | | | |
|--|---|---|---|
| Жауапты шығарушы: Халық статистикасы департаменті | Департамент директоры: Н. Ханжігітов Тел. +7 7172 749061 | Орындаушы: Е. Көпес Тел. +7 7172 749540 E-mail: er.kopes@aspire.gov.kz | Мекенжайы: 010000, Астана қаласы Мәңгілік ел данғылы, 8 Министрліктер Үйі, 4 кіреберіс |
|--|---|---|---|